

«Информатика» пәні бойынша
1-тоқсандағы бөлім бойынша жиынтық
бағалау тапсырмалары

1. Берілген сипаттамаларға сәйкес келетін нысанды анықтаңыз. Жалауша белгісін қойыңыз.

Сипаттама	Торап	Маршрутизатор	Коммутатор
Басқа құрылғылармен компьютерлік желінің бір бөлігі ретінде жалғанған құрылғы			
Компьютерлік желінің бір сегменттегі бірнеше торабын байланыстыруға арналған құрылғы			
Желінің түрлі сегменттері арасында пакеттерді жібереді			

[3]

2. Сөйлемді толықтырыңыз.

Компьютерлік желіге қосылуда әрбір құрылғыға жеке-дара _____ меншіктеледі. Ол нүктелермен бөлінген мәні _____ аралығындағы төрт бөліктен тұрады.

[2]

3. IP-адреске мысал келтіріңіз. _____

[1]

4. Ақпаратты қорғау әдістерінің 3 мысалын сипаттаңыз.

[3]

5. Келесі ұғымдарды деректерді қорғау мақсатында қалай қолдануға болатынын анықтаңыз.

Пароль _____

Тіркеулік жазба _____

Аутентификация _____

Биометриялық аутентификация _____

[4]